

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина  
университеті



ШАЛА ТУЫЛҒАН  
БАЛАЛАРДЫ  
ТАМАҚТАНДЫРУ  
ЕРЕКШЕЛЕРІ

Орындаған: Мухамедкаримова Гаухар

Факультет: стоматология

Курс:6

Алматы 2018

# Жоспар

## *I. Кіріспе:*

- *Шала туылған балалардың халықаралық күні.*

## *II. Негізгі бөлім:*

- *Шала туылған нәресте*
  - *Шала туылған балалардың белгілері.*
  - *Шала туылған балаларды тамақтандыру және егу ерекшеліктері.*
- Шала туылған балаларға күтім.*

## *III. Қорытынды*

## *IV. Қолданылған әдебиеттер*

# Анықтамасы

- 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) критерийлерін енгізді. Яғни, 22 аптадан басталатын жүктіліктің (с 500,0г) тірі және өлі тууын тіркеуге алатын болды.



# Шала туылған нәресте

- Жүктіліктің 22-37 аптасында туылған нәрестелерді шала туылған деп санайды, яғни орташа есптегенде, дене салмағы 2500 ден аз, бойы 45 см ден төмен нәрестелерді шала туылғандар қатарына жатқызу қабылданған. Жыл сайын елімізде 4,5-5,5 млн дей нәрестелер дүниеге келеді. Оның ішінде шамамен 5% шала туған нәрестелерді құрайды. Ірі қалаларда шала туылу көрсеткіші жоғары, ауылдық жерде төмен.
- 
- Дене салмағының мөлшеріне байланысты шала туған балаларды 4 дәрежеге бөледі:
  - I дәреже 2000гр-2500гр
  - II дәреже-1500гр-2000гр
  - III дәреже 1000гр-1500гр
  - IV дәреже-1000гр төмен

# Шала туған балалардың халықаралық күні

Жаңа туған нәрестелердің күтімі жөніндегі Еуропалық қор мен Америкалық қайырымдылық ұйымының бастамасымен 17 қараша - шала туған балалардың халықаралық күні деп аталады. Бұл мереке 2009 жылы алғаш рет халықаралық деңгейде тойланды.



# Гестациондық жасына байланысты жіктелуі:

- *I дәреже 37-35 апта*
- *II дәреже 34-32 апта*
- *III дәреже 31-29 апта*
- *IV дәреже 28-22 апта*



# Шала туылудың себептері:

- аяғы ауыр әйелдердің токсикозы
- аяғы ауыр кезде жұқпалы аурулар мен ауыру, әсіресе тұмаумен
- әйелдердің жыныс органдарының аурулары
- алкоголь мен темекінің зиянды әсері
- жиі аборт жасату, түсіктер
- психикалық және физикалық күш түсірулер
- 18 жасқа дейін және 30 жастан кейін бала көтеру



# Шала туылған балалардың белгілері:

- \*салмағы жеңіл, бойы қысқа,
- \*терісі жұқа, көкшіл түсті, тері астындағы май қабаты жоқ болуы мүмкін.
- \*бүкіл денесін, ал өте шала туған жағдайда, тіпті бетін де түк мол жауып тұрады.
- \*кіндік сақинасы іштің төменгі жағына орналасқан.
- \*жыныс мүшелері жетіліп бітпеген (ер балалардың жұмыртқасы шат қуысында немесе іш пердесінде болады; ал қыз балалардың жыныс қынабы үлкен жыныстық еріндер жетілмегендіктен, ашық тұрады).
- \*кеудесіне қарағанда, басы үлкен болып келеді, мойны жіңішке әрі ұзын.
- \*дауысы әлсіз.
- \*қол-аяқтары шидиген, ұзын болады.
- \*бет терісі тынбастан, тіпті ұйықтап жатқан кезде де жиі



# *Шала туған нәрестелерді күту екі этапта жүргізіледі:*

- 1) Босану үйлерінде.*
- 2) Жаңа шала туған балаларға арналған арнайы бөлімше.*
- Шала туған нәрестені туылғаннан кейін жылытылған кювезге салады. Кювездегі ауаның температурасы дене салмағы мен гестация жасын ескере отырып, бекітілген стандарттарға байланысты реттеледі.*

- *Кувезде күту ұзақтығы бала жағдайы мен салмағына байланысты. Шала туылудың аз дәрежесіндегі нәрестелер кувезде бірнеше сағаттан 2-4 күнге дейін болуы мүмкін, ал дене салмағы 1200-1300 г. нәрестелер 6-8 күндей болуы мүмкін. Ашық темокеруеттерге жылуды нашар ұстайтын, кувезде болуды қажет етпейтін шала туылған нәрестелер жатқызылады*



## Шала туылған бала дүниеге келісімен мыналарды қатаң түрде сақтау керек:

- асептика шарттарын сақтап күтуді
- организмнің ыстықтап кетуі мен салқындап қалуына жол бермейтін температура режимінің дұрыс сақталуы
- емшек сүтімен асырауды
- жұқпалы аурулардан сақтауды.



# Үйдегі күтімнің негізгі міндеттері:

- балаға қажетті жылуды дұрыс ұстау
- барынша шыдамдылықпен қарау
- дұрыс тамақтандыру
- нәрестенің тыныс алуын жақсарту
- аурулардан сақтандыру
- ең қолайлы киімді кигізу
- бала гигиенасын сақтау
- таза ауада серуендеу



# Шала туған нәрестелерді тамақтандыру.

- ▣ Шала туған нәрестелерді зонд арқылы, бөтелкемен және емшек беріп тамақтандырады. Зонд арқылы тамақтандыруды ауыр патологиясы бар терең шала туылған нәрестелерде қолданады. Қолдану көрсеткіштеріне сору және жұту рефлекстерінің болмауы немесе әлсіздігі, тыныс алуының тоқтауы, бөтелке арқылы тамақтандырғанда айқын цианоздың пайда болуы, сонымен қатар, әлсіз соруына байланысты баланың дене салмағының нашар. Сору рефлексі пайда бола бастағанда баланы біртіндеп бөтелке арқылы тамақтандыруға көшіреді. Жалпы жағдайы жақсарып, бөтелкеден белсенді сорған нәрестелерді емшеке үйретеді.

# Емізу әдістері

- Туғаннан кейін нәрестені ерте емізу қажет, ол алғашқы 2 сағаттан кешікпеуі керек және әрбір 3 сағатта қайталау, тіпті туғанда бала салмағы 1,25-2,5 кг болсада (тәулігіне 8 ретке дейін ) және бала салмағы 1,25 кг (тәулігіне 12 ретке дейін) болсада, үйткені оны гипогликемия дамудан ескерту үшін.

- Емшекке салынған нәрестені медициналық бақылауға алу керек, себебі, шала туған нәрестелердің көбісінде емшек сору актісі функциональды ауыртпалықтарға әкелуі мүмкін. Шала туған нәресте емшекті белсенді сорғанымен де, сүттің қажетті мөлшерін сора алмауы мүмкіндігін ескерген жөн. Сондықтан да үнемі баланың сорған сүтінің көлемін бақылап, баланы сауылған сүтпен тамақтандырған маңызды. Нәрестелерді, көбінесе, сауылған ана сүтімен немесе шала туылған балаларға арналған сүт қоспаларымен тамақтандырады.



- Шала туған нәрестелерді сүттің аз ғана порцияларымен 3-5 млден, кейін күнде 3 мл ден қосады.1
- -3 күнде бала 30ккал/кг,
- 7 күнде 70ккал/кг,
- 10күнде 100ккал/кг,
- 20 күнде 120ккал/кг,
- 1 айда 140ккал/кг алады
- Алғашқы үш айда бала 140ккал/кг,
- 2 кварталда 130ккал/кг,
- 3кварталда 120ккал/кг,
- 4 кварталда 110ккал/кг алады





- Баланың тәуліктік сүт көлемін анықтау үшін бірнеше формулалар пайдаланылады(бала өмірінің 10 күніне дейін)
- 1-формула (разовый объем желудка)  $3 \cdot m \cdot n$ ;
- n-бала өмірінің күні(7 рет тамақтандырған жағдайда)
- 2-формула Малышева формуласы:  $14 \cdot m \cdot n$
- 14 ml - бұл 10 ккал-ға сәйкес сүт көлемі
- Бала өмірінің 10 күнінен кейін баланың тамақтануының тәуліктік көлемі оның дене салмағының  $1/5$  бөлігіне жақындайды.

# Салмақ қосылуы жеткіліксіздегі емдеу

- Егер бала дене салмағына 200мл/кг емшек сүтін алып тұрып, бір аптаның ішінде салмақ қоспаса, салмақ қосылуы жеткіліксіздігіне емдеуді бастайды.
- Салмақ қосу жеткіліксіздік себебін тексеру және оны жою:
- 1. Бала жиі жеткілікті емгеніне (тәулігіне 8 реттен кем емес ) және түрде көз жеткізу. Егер бала екінің бірі әдісімен қоректенсе, қабылдаған тамағын жеткілікті және жоғарыда көрсетілген кесте бойынша есебі сәйкестенуіне (туу кездегі дене салмағына сай) көз жетуі керек.
- 2. Сыртқы орта температурасы қолайлы, егер бөлмесі ыстық не суық болса, оған сенсеңіз, онда терморийтеуге энергиясы көп жұмсайды және өсу процессі аз болады.
- 3. Мүмкін болатын аурулардан, баланы мухият зерттеу жүргізу.
-

# Балалардың шала туылуының алдын алу шаралары:

- 1) Болашақ аналардың денсаулығын қорғау
- 2) Медициналық түсіктердің алдын алу, әсіресе, нейроэндокринді аурулары және менструация циклі бұзылыстары бар әйелдерде
- 3) Жүкті әйелдерге отбасында және өнеркәсіпте жағымды жағдайлар қалыптастыру
- 4) Мерзімінен бұрын босану қаупі бар жүкті әйелдерді дер кезінде анықтау және оларда жүктіліктің ағымын бақылау.



**Назарларыңызға  
рахмет**